- 2 Теледидарды қосқаннан кейін келесі хабарлама пайда болады (егер CI-модуль табылған болса): Картаның белсендірілуі сәтін күтіңіз.


CI Module Inserted

- 3 CI Information опциясын таңдау үшін **MENU** батырмасына басыңыз да, сосын **▲ ▼** батырмалайын басыңыз.

- 4 Пайдаланылатын CI-карта туралы толық мәліметтер көрінеді.
- 5 Карта мәзіріне өту үшін ОК батырмасына басыңыз. Орнату бойынша ақпаратты ойынша
- 6 нұсқаулықтан қараңыз. Модульді өшіргеннен кейін экранда келесі хабарлама пайда болады.

CI Module Removed


### 03. ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ



№	Түймешік	Сипаттамасы
1	Power	Теледидарды қосу/өшіру
2	S.MODE	Дыбыс режимін таңдау
3	P.MODE	Кескін режимін таңдау
4	0-9	Арна нөмірін немесе құпия сөзді енгізу
	Q.VIEW	Соңғы қаралған арнаға ауысу
	SLEEP	Түнгі режм таймерін тапсыру
5	VOL +/-	Дыбыс деңгейін тапсыру
6	Mute	Дыбысты қосу/өшіру
	AUDIO(I/II)	ATV арнасы үшін моно, Nicam стерео таңдау. Цифрлық теледидар арнасы үшін Audio тілін таңдаңыз
7	SUBTITLE	Субтитрлерді қосу/өшіру
8	FAV	Басым арналар тізімін ашу. Телемәтіна режимінде бетті ұстайды.

9	SCREEN	Кескін пішінін тапсыру
10	MENU/	Экрандық мәзірді шығару. Телемәтін режимінде мазмұнды бетті ашу (INDEX)
11	▲▼◀▶ OK	Экран мәзірі бойынша ауысу Таңдауды растау
12	BACK/	Телемәтін режимінде аралас режимге кіру
13	◀◀ (reverse) ▶▶ (forward)	Мультимедиялық режимде және уақытты жылжыту режимінде тез айналдыру немесе керісінше ойнату (Телемәтін режимінде қызыл және жасыл түймешік)
14	☰/☷	Телемәтін функциясын қосу/өшіру және TTX режимін өзгерту
15	▶▶(play/pause)	Мультимедиялық режимде ойнату/уақытша тоқтату, цифрлық режимде уақытты жылжыту
16	SOURCE	Кіріс көзі тізімін ашу
17	🏠	Функция жоқ
18	P ▲/▼	Арнаны өзгерту
19	INFO/?	Арна туралы ақпарат. Телемәтін режимінде жасырылған ақпаратты көрсетеді
20	3D WORLD	Функция жоқ
21	CH.LIST/	Арналар тізімін ашады. Телемәтін режимінде телемәтін өлшемін тапсырады
22	GUIDE/	Теледидар режимінде бағдарламалар бойынша элеткрндық гидті шығару. Телемәтін режимінде – екінші бетке кіру
23	EXIT/	Экранлық мәзірді жабады. Телемәтін режимінде мәтінді жасырады
24	◀◀ (previous) ▶▶ (next)	Алдыңғы немесе келесі файлды таңдау (телемәтін режимінде сары және көк түймешік)
25	●(REC)	Цифрлық режимде қаралатын теледидар бағдарламасын жазу
26	■(stop)	Цифрлық режимде мультимедия ойнатуды, уақытты жылжытуды немесе жазуды тоқтату

#### Батареяларды басқару пультіне салу




1. Қақпақты шешіңіз.
  2. AAA 1.5 V батареяларын полярлық сәйкестігіне көз жеткізіп, салыңыз.
  3. Қақпақты қайтарыңыз. Теледидардың жұмысы тұрақсыз болғанда немесе қателер жиі пайда болғанда, сонымен қатар теледидар пульттен жұмыс істемегенде батареяларды ауыстырыңыз.
- Ескерту:
- 1) Сілтілік батареяларды пайдалануға кеңес беріледі.
  - 2) Батареялар отырса немесе пультті ұзақ уақыт кезеңдері барысында пайдаланбауға жоспарланса, батареяларды ауыстырыңыз.

**Батареялар күн сәулесінің, оттың және т.с.с ұзақ уақыт қызуына ұшырамауы тиіс. НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Литийлі батареяларды қате салғанда жарылуы мүмкін. Батареяларды сол немесе ұқсас түрдегі батареялармен алмастырған жөн.

## ТЕЛЕМӘТІН



Телемәтін - белгілі арналарда таралатын және газет сияқты оқуға болатын ақпараттық жүйе. Жүйе сонымен қатар есту қабілетінің ақаулары бар адамдар үшін және телебағдарлама (кабельдік желілер, жекр серіктік арналар және т.б.) тілін білмейтін адамдар үшін субтитрларға қол жетімділік ұсынады.

Түймешікті басу:	Нәтиже:
 TEXT	Телемәтін режимін қосу немесе осы режимдерден шығу үшін пайдаланылады. Қосқан кезде жиынтық экранда қол жетімді беттердің тізімі пайда болады. Әр тармақта беттің тиісті үш саннан тұратын нөмірі бар.
SELECTING PAGE 	0 - 9 сандарын және жоғары/төмен түймешіктерін пайдаланып, қажетті бет нөмірін енгізіңіз. Мысалы: егер сізге 120 бет керек болса, 120 енгізіңіз. Бет нөмірі экранның жоғарғы сол бұрышта көрінеді, есептегіш өзгеріп, артынан бет экранда көрінеді. Тағы бір бетті қарау үшін осы операцияны қайталаңыз. Егер есептегіш өз мәнін өзгерте берсе, бет берілмейді. Басқа нөмірді таңдаңыз.
DIRECT ACCESS TO THE ITEMS 	Түрлі-түсті аумақтар экранның төменгі жағында көрсетіледі. 4 түсті пернелер элементтерге не сәйкес беттерге өту үшін қолданылады. Егер элемент не бет әлі қатынаулы болмаса, түрлі-түсті аумақтар жыпылықтап тұрады.
MENU/INDEX	Мазмұн бетіне қайтарады (әдетте бұл – 100-бет).
GUIDE/SUB COD	Екінші бетке өту үшін төртмәнді нөмірді енгізіңіз.
FAV/HOLD	Бетті “мұздату”.
INFO/REVEAL	Экранда көрсету немесе жасырын ақпаратты жасыру (ойын шешімдері).
BACK/MIX	Телемәтін деректерін телевизиялық кескін үстіне салу. Толық мәтінге оралу үшін түймешікті тағы бір рет басыңыз.
EXIT/EXIT	Телемәтінді жасыру.
CH.LIST/SIZE	Кескінді төменгі немесе жоғарғы жаққа ауыстыру.

## 04 ПАЙДАЛАНУ

### Орнату бойынша нұсқаулық

Орнату бойынша нұсқаулық теледидарды бірінші қосқанда немесе зауыттық баптауларға қайтқанда ғана шығады




1) Мәзірде ауыстыру үшін және баптауларды өзгерту үшін ▲▼ сілтемелері бар батырмаларды пайдаланыңыз. Өрекетті растау үшін ОК батырмасына басыңыз. Экрандық мәзірдің тілін таңдауыңызды сұраймыз

 Ескерту: жады бойына 0000 құпиясөзі орнатылған.


#### Home және Shop режимдері

Құрылғыны бірінші рет қосқанда экранға орнату параметрлерінің мәзірі шығарылады. Экрандық мәзірдің тілін орнатқаннан кейін пайдаланушы «Көрмелік» және «Үй» режимдері арасында таңдауына болады. Экранда баптаулардың келесі мәзірі көрсетілсе,

ал курсор «Үй режимі» тармағына көрсетсе, баптауларды орындау үшін ◀▶сілтемелері бар батырмаларды пайдаланыңыз, сосын мәзірге шығу үшін ОК батырмасына басыңыз.




Келесі мәзірге кіру үшін «ОК» батырмасын таңдаңыз.




Инициализацияның орнату мәзіріне қайту үшін «Болдырмауды» таңдаңыз, бұл ретте курсор «Үй режимі» позициясында қалады. Оны келесі мәзірге өту үшін және елді таңдау үшін басыңыз.

2). DVB-T/DVB-C видеохабарлау режимдерінің арасында таңдау үшін ▲▼ сілтемелері бар батырманы пайдаланыңыз, сосын растау үшін ОК батырмасын басыңыз.



a. DVB-T режимін таңдаған жағдайда баптаулар типін (Tune Type), елді таңдау, сосын баптау процессінің іске қосылуы үшін ОК батырмасына басу керек.



Пайдалану режимін таңдайсыз ба? үй режимі тек коммерциялық пайдалану үшін тағайындалған.

Көрмелік режимді таңдағанда келесі мәзір көрінеді.

Көрмелік режимге өтесіз ба?

b. DVB-C режимін таңдаған жағдайда DVB-C жүйесінің конфигурациясын берген жөн (сканерлеудің түрін / жиілікті / желінің идентификаторын / (KS/S) мәнін таңдау), сосын DVB-T (DTV/ATV) режимін таңдаған жағдайдағыдай, баптау түрі мен елді таңдау үшін ОК батырмасын басу керек.

Елді таңдағаннан кейін баптау процессін іске қосу үшін ОК батырмасын басыңыз.

Ескерту.  
Италияны таңдағанда жазба және кейінге қалтырып көру қызметтері жұмыс істемейді.


3) Арналарды баптау процесі іске қосылады. Бұл операция бірнеше минутқа созылуы мүмкін. Дисплейде баптаулардың процессінің барысы мен табылған арналардың саны көрінеді.

4) ATV режимінде баптауды болдырмау қажет болғанда процессті тоқтату үшін MENU батырмасын басыңыз. Жылжымалы терезе пайда болады, YES мәнін таңдау үшін және әрекетті растау үшін ◀ батырмасына басыңыз


Бұл бірден DTV баптаулар режиміне өтуге мүмкіндік береді. DTV режимінде баптаулар қажеттілігі болмаған жағдайда орындалған әрекетті қайталауға болады.

Теледидарды келесі қосқанда баптауларды орындау қажеттілігі туралы ескерту пайда болады.

5) Баптаулар аяқталғаннан кейін арналар алдын ала берілен тәртіпте пайда болады. Кейбір арналарды өткізу қажет болған жағдайда олардың алдын ала берілген тәртібін өзгерту керек немесе арналардың атауларын ауыстыру керек. Бұл үшін Channel мәзірінде Programme Edit қызметін таңдаңыз.



## 6) Сәтті баптау




## 1. АРНАЛАР МӘЗІРІ

### 1. 1) Автобаптау (DVB-T режимі)

- 1) MENU батырмасын басыңыз, сосын ▼▲ батырмаларының көмегімен CHANNEL мәзірін таңдап, OK батырмасын таңдаңыз.
- 2) ▼▲ батырмаларының көмегімен Auto Tuning таңдаңыз да, OK батырмасын басыңыз.

DVB-T/DVB-C видеохабарлау режимдерінің арасында таңдау үшін ▲▼ сілтемелері бар батырманы пайдаланыңыз, сосын DVB-T режимін таңдаңыз да, растау үшін OK батырмасын басыңыз.



4)Tune Type мәзірінде ATV / DTV / DTV + ATV режимдерін таңдау үшін ◀ сілтемелері бар батырмаларды пайдаланыңыз. ▼ батырмасын басыңыз, сосын өзіңіздің еліңізді таңдау үшін ◀▶▼▲ батырмаларын басыңыз. Әрекетті растау үшін OK батырмасына басыңыз.



5) Арналарды баптау процесі іске қосылады. Бұл операция бірнеше минутқа созылуы мүмкін. Дисплейде баптаулардың процессінің барысы мен табылған арналардың саны көрінеді.

6) ATV режимінде баптауды болдырмау қажет болғанда процессті тоқтату үшін MENU батырмасын басыңыз. Жылжымалы терезе пайда болады, YES мәнін таңдау үшін және әрекетті растау үшін ◀ батырмасына басыңыз


Бұл бірден DTV баптаулар режиміне өтуге мүмкіндік береді. DTV режимінде баптаулар қажеттілігі болмаған жағдайда орындалған әрекетті қайталауға болады. Теледидарды келесі қосқанда баптауларды орындау қажеттілігі туралы ескерту пайда болады.

7) Баптаулар аяқталғаннан кейін арналар алдын ала берілен тәртіпте пайда болады. Кейбір арналарды өткізу қажет болған жағдайда олардың алдын ала берілген тәртібін өзгерту керек немесе арналардың атауларын ауыстыру керек. Бұл үшін Programme Edit қызметін Channel мәзірінде таңдаңыз.


## 1.2 Автобаптау (DVB-C режимі)

1) MENU батырмасын басыңыз, сосын ▼▲ батырмаларының көмегімен CHANNEL мәзірін таңдап, ОК батырмасын таңдаңыз.

2) ▼▲ батырмаларының көмегімен Auto Tuning таңдаңыз да, ОК батырмасын басыңыз.



3) DVB-T/DVB-C видеохабарлау режимдерінің арасында таңдау үшін ▲▼ сілтемелері бар батырманы пайдаланыңыз, сосын DVB-C режимін таңдаңыз да, растау үшін ОК батырмасын басыңыз.




4) ▼▲ батырмаларының көмегімен Scan type/Symbol (Ks/S) тармақтарын таңдаңыз да, растау үшін ОК батырмасын басыңыз.



5) Tune Type мәзірінде ATV / DTV / DTV + ATV режимдерін таңдау үшін ◀▶ сілтемелері бар батырмаларды пайдаланыңыз. ▼ батырмасын басыңыз, сосын өзіңіздің еліңізді таңдау үшін ◀▶▼▲ батырмаларын басыңыз.

Әрекетті растау үшін ОК батырмасына басыңыз.




6) Арналарды баптау процессі іске қосылады. Бұл операция бірнеше минутқа созылуы мүмкін. Дисплейде баптаулардың процессінің барысы мен табылған арналардың саны көрінеді.

7) ATV режимінде баптауды болдырмау қажет болғанда процессті тоқтату үшін MENU батырмасын басыңыз. Жылжымалы терезе пайда болады, YES мәнін таңдау үшін және әрекетті растау үшін ◀ батырмасына басыңыз

Бұл бірден DTV баптаулар режиміне өтуге мүмкіндік береді.

DTV режимінде баптаулар қажеттілігі болмаған жағдайда орындалған әрекетті қайталауға болады. Теледидарды келесі қосқанда баптауларды орындау қажеттілігі туралы ескерту пайда болады.

8) Баптаулар аяқталғаннан кейін арналар алдын ала берілен тәртіпте пайда болады. Кейбір арналарды өткізу қажет болған жағдайда олардың алдын ала берілген тәртібін өзгерту керек немесе арналардың атауларын ауыстыру керек. Бұл үшін Channel мәзірінде Programme Edit қызметін таңдаңыз.



### Note

ATV, DTV және Radio-ны қоса алғанда, барлық арналарды бір уақытта баптауға болады, егер Tune Type баптаулар типінің сапасында DTV+ATV мәні таңдалған болса.

Одан кейін барлық сақталған арналар автоматты түрде жойылатын болады.


Сонымен қатар автоматты баптаудан кейін арнайы DTV режимінің бірінші

арнасына ауысатын болады.

## 2. 1) DTV (DVB-T) режимінде қолмен баптау

1) MENU батырмасын басыңыз, сосын ▼▲ батырмаларының көмегімен CHANNEL мәзірін таңдап, OK батырмасын таңдаңыз.

2) ▼▲ батырмаларының көмегімен DTV Manual Tuning тармағын таңдаңыз және OK батырмасын басыңыз.



3) DTV Manual Tuning қолмен баптаудың терезесі пайда болады. ◀▶ батырмаларының көмегімен УЖЖ қажет арнаны таңдаңыз

және арнаны іздеу процессін іске қосу үшін OK батырмасына басыңыз. Егер сигнал баптаулары сәтті орындалған болса, онда экранда сурет пен сигнал қарқындылығы көрсетілетін болады.

4) Бас мәзірге қайту үшін MENU батырмасына басыңыз.

5) Мәзірден шығу үшін EXIT батырмасына басыңыз.



## 2.2) DTV (DVB-C) режимінде қолмен баптау

1) MENU батырмасын басыңыз, сосын ▼▲ батырмаларының көмегімен CHANNEL мәзірін таңдап, OK батырмасын таңдаңыз.

2) ▼▲ батырмаларының көмегімен CADTV Manual Tuning тармағын таңдаңыз және OK батырмасын басыңыз.


CADTV Manual Tuning қолмен баптаудың терезесі пайда болады.

▼▲ батырмаларының көмегімен (Frequency /Symbol (ks/s/QAM Type QAM) мәндерін таңдаңыз да, көрсетілген арнаны іздеу процессін іске қосу үшін OK батырмасына басыңыз.

Егер сигнал баптаулары сәтті орындалған болса, онда экранда сурет пен сигнал қарқындылығы көрсетілетін болады.


4) Бас мәзірге қайту үшін MENU батырмасына басыңыз.

5) Мәзірден шығу үшін EXIT батырмасына басыңыз.



## 3) ATV режимінде қолмен баптау

Сіз іздеу үшін, дәл баптаулар үшін және ұқсас теледидардың таңдайтын арналарын сақтау үшін дыбыстық жүйені өзгерте аласыз.



### Note

Қолмен баптағаннан кейін арналарды сақтау үшін теледидардың қызыл батырмасына басыңыз.

### 4) Бағдарламаны өзгерту

Бағдарламаларды өшіруге, атын ауыстыруға, орынын ауыстыруға, өткізіп жіберуге және таңдаулыларға қосуға болады.

## ● Арналарды өшіру:

Курсормен қажетті бағдарламаны таңдаңыз да, бағдарламаны өшіру үшін телемәтіннің қызыл батырмасына басыңыз.

## ● Арналардың атын ауыстыру:

Бағдарламаларды тек ATV режимде ғана атын ауыстыруға болады.

Курсормен қажетті бағдарламаны таңдаңыз да, бағдарламаның атын ауыстыру үшін телемәтіннің жасыл батырмасына басыңыз. Таңбаларды таңдау үшін ▼▲ батырмаларын пайдаланыңыз. Курсорды ауыстыру үшін ◀▶ батырмаларын пайдаланыңыз.

Бағдарламаны өзгерту режимінен шығу үшін MENU батырмасына басыңыз, ал мәзірден шығу үшін EXIT батырмасын басыңыз.

Ескерту: ATV режиміндегі бағдарламаның атуы ең көбі бес таңбадан тұруы мүмкін.

## ● Арналардың атын ауыстыру:

Орын ауыстыру керек болған арнаны таңдау үшін, осы жебелі түймешіктерді пайдаланыңыз. Содан кейін «Ауыстыру» функциясын таңдау үшін, сары түймешікті басыңыз. Жебелі түймешіктердің көмегімен белсенді арнаны ауыстырыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін ОК-ні басыңыз; арнаны ауыстыру үшін цифрлы түймешікті басыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін ОК-ні басыңыз.

## ● Арналарды өткізу

▼▲ батырмалардың көмегімен қажетті бағдарламаны таңдаңыз, таңдалған бағдарламаны өткізіп жіберу үшін телемәтіннің батырмасын басыңыз. Бағдарламаның оң жағында таңба пайда болады. Өткізілген бағдарламаны таңдаңыз және бағдарламаны өткізуді болдырмас үшін телемәтіннің көк батырмасын қайтадан басыңыз. Таңба жоғалып кетеді.

## ◆ Таңдаулыларға қосу:

▼▲ батырмаларының көмегімен қажетті бағдарламаны таңдаңыз да, FAV батырмасын басыңыз. Бағдарламаның оң жағында таңба пайда болады. Осы бағдарламаны ерекшеліңіз де, оны таңдаулыларға қосуды болдырмас үшін FAV батырмасын қайтадан басыңыз. Таңба жоғалып кетеді.


Таңдаулы арналардың тобын құрғаннан кейін FAV батырмасына басу таңдаулы арнаға тез өтуге мүмкіндік береді.

## 5) CI-карта туралы ақпарат (опциональды):

Бұл мәзір CI картаның ақпаратын көрсете алады.

## 2. СУРЕТ МӘЗІРІ

Бас мәзірдің екінші тармағы СУРЕТТЕР МӘЗІРІ болып табылады. Мұнда түстің қарама қарсылығы, жарықтығы және т.с.с параметрлерді баптауға болады.



### Note

- 1) Түстің қарқындылығы тек NTSC режимде ғана беріледі.
- 2) Түстік температураның үш режимі қарастырылған - қалыпты, жылы, суық.
- 4) Бұл экран тек ДК режимінде ғана қол жетімді және күйді көлденең және тігінен, суреттің өлшемі және фаза бойынша реттеуге мүмкіндік береді.

## 3. Дыбыс мәзірі

Бас мәзірдің үшінші тармағы ДЫБЫС МӘЗІРІ болып табылады. Мұнда жоғары және төменгі жиіліктер, теңгерім және т.с.с дыбыстық эффекттерді баптауға болады.




### Note

Автоматтық дыбыс қызметі тек шамадан тыс шығыс сигналының жоғары көлемінде және оның бұрмалануында ғана қол жетімді болады.

#### 4. Уақыт мәзірі

Бас мәзірдің төртінші тармағы УАҚЫТ МӘЗІРІ болып табылады.

Бұл мәзірде сағатты, қосулы/өшу уақытын, күту режимінің таймерін және т.с.с. баптауға болады.




#### Note

15 минут өткеннен соң сигнал болмаса, теледидар автоматты түрде күту режиміне ауысып кетеді (егер Auto Sleep қызметі белсенді болса) Көрсетілген уақыт DTV режимінде автоматты уақытпен сәйкес бапталуы мүмкін.

#### 5. Таңдау параметрлерінің мәзірі

Бас мәзірдің бесінші тармағы ТАҢДАУ ПАРАМЕТРЛЕРІНІҢ МӘЗІРІ болып табылады. Мұнда экрандық мәзірдің тілін, дыбыс функцияларының тілін, субтитрлердің тілін және т.с.с таңдауға болады.



## Қорек көзін автоматты өшіру

1. Теледидарды қосқаннан кейін пайдаланушы тарапынан әрекеттер болмаған жағдайда, мысалы, арнаның ауысуы немесе дауыс қаттылығының деңгейін өзгертуд, теледидар қорек көзінен автоматты өшу режиміне өтеді.

Экранда сәйкес жылжымалы терезе пайда болады.

Seconds to Automatic power-down  
Please press any Key to Cancel

150 секунд ішінше теледидар автоматты түрде күту режиміне өтеді. Автоматты өшуді режимінен шығу үшін қашықтықтан басқару құрылғысындағы кез келген батырманы басыңыз.

2. Қорек көзінің автоматты өшуін болдырмау. Таңбау параметрлері мәзірінде «Қорек көзін автоматты өшіру» қызметін таңдаңыз.

Солға немесе оңға басыңыз. Хабарлама пайда болады:

«Сіз қорек көзінің автоматты өшу опциясын шынымен де өшіргіңіз келеді ме?»


Растау үшін сол жаққа сілтемесі бар YES батырмасын басыңыз.

Теледидардың экранында опциялары бар таңдаулы параметрлердің мәзірі көрсетілетін болады.

Қорек көзін автоматты өшіру (4 сағат)  
Қорек көзін автоматты өшіру (4 сағат)  
Өшіру

4 сағат өткеннен кейін автоматты өшу қызметін қосу үшін пайдаланушы тарапынан жоғарыдағы әрекетті, бұл жолы NO жауабын таңдау үшін оң жаққа сілтемесі бар батырманы басып, қайталаңыз.

PVR файлдық жүйе мәзірінде PVR опциясы үшін USB-дискні пайдалануды баптауға болады.



## 6. БЛОКТАУ МӘЗІРІ

Мәзірдің алтыншы пункті БЛОКТАУ МӘЗІРІ болып табылады. Мұнда пайдаланушы жүйені, жеке бағдарламаны блоктайды, құпия сөзді орнату немесе ата-аналық бақылау опциясын пайдалануға мүмкіндік береді. Жүйені блоктауда арналарды іздеу немесе бағдарламаларды өзгерту опциялары қол жетімді емес бола бастайды.

Зауыт баптауларын қалпына келтіру барлық бағдарлама мен құпиясөздің өшуіне өкеледі.



жады бойына 0000 құпиясөзі орнатылған. Егер сіз бұл құпия сөзді ұмытып қалсаңыз, онда қосымша құпиясөз 9443-ті таңдауға болады.

Бағдарламаны блоктау тәртібі: ▼▲ батырмаларының көмегімен бағдарламаны таңдаңыз

және оны блоктау үшін телемәтіннің жасыл батырмасына басыңыз. Бағдарламаны блоктан шығару қажет болғанда бас мәзірге кіріп, құпия сөз енгізіп, телемәтіннің жасыл батырмасын қайтадан басқан жөн. Ата-аналық

бақылау: қажетті деңгейді орнату үшін ◀▶ сілтемелері бар батырмаларды таңдаңыз.

## 7. Бағдарламалар бойынша электрондық гид (БЭГ) мәзірі (бағдарламалар бойынша электрондық гид)

БЭГ мәзірі DTV немесе радиоарна режимінде көрсетілетін телебағдарламаларды көру үшін пайдаланылады. БЭГ мәзіріне өту үшін GUIDE батырмасына басыңыз, келесі мәзір пайда болады:




### 1. Ақпарат

Бағдарламаны таңдау үшін сілтемелері бар батырмаларды таңдаңыз. Таңдалған бағдарлама туралы мәліметтерді қарау үшін ИНФО батырмасына басыңыз.

### 2. Кесте

Телемәтіннің сары батырмасына басыңыз. Тлық күн тәртібі шығады.

Қажетті мәзірдің таңдау үшін ▼▲ сілтемелері бар батырмаларды пайдаланыңыз. Күн тәртібі бар тізімді өшіру үшін қызыл батырманы басыңыз.



### 3. жазба

Қызыл батырманы басыңыз, бұл бағдарламаның жазбасын баптауға мүмкіндік береді.

### 4. Ескерту

Бағдарламаны таңдау мен ескертулердің уақытын баптау үшін телемәтіннің көк батырмасына басыңыз - теледидардың экраны автоматты түрде ескерту қойылған бағдарламаға ауысады.



## 8. PVR бейне жазба қызметі

### 1. Бағдарламаны жазуға дайындық

PVR видеожазба қызметі тек DTV режимде қол жетімді.

PVR файлдық жүйесіне кіру үшін таңдау параметрлерінің мәзірі пайдаланылады. Таңдау параметрлерінің мәзірінде PVR файлдық жүйені тексеру қызметін таңдаңыз. Тексеру сәтті аяқталғанға дейін ("Success") OK батырмасына басыңыз.

Ескерту: «Жылдамдық» ("speed") параметрлерінің мәнін тексеріңіз. HD ("HD support") опциясын ұстау USB-құрылғының жылдамдығы кейінге қалтырып көру мен жазу опциясына есептелгендігін көрсетеді. Кері жағдайда құрылғыға қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін форматтауды орындау қажет. Жады бойынша жазба уақытын шектеу дискте бос орын жеткілікті болса 6 сағатты құрайды. Ол жеткіліксіз болғанда жазба уақыты қысқартылуы тиіс, ол құрылғыдағы қол жетімді кеңістікке байланысты болады.

PVR файлдық жүйесін тексеру аяқталғанға дейін басқа әрекеттерді орындамаған жөн.


Жазбалар осы теледидардың PVR-жүйесінде жүргізіледі. Жазбаларды орындау тек осы теледидарда жүргізіледі; осы мақсат үшін басқа үйлеспейтін құрылғыларды пайдалану (компьютерді, DVD-плеерді және т.с.с) мүмкін емес. Файлдың форматы - TS Қосылған USB-құрылғыда файлдарды жазу мен сақтау мүмкіндігі үшін оны форматтауды орындау қажет етіледі.

**ЕСКЕРТУ: СЫРТҚЫ USB-ҚҰРЫЛҒЫНЫ ФОРМАТТАУ ПРОЦЕССИНДЕ ОНДАҒЫ БАРЛЫҚ САҚТАЛЫП ТҰРҒАН АҚПАРАТТАР ӨШЕДІ.**


Файлдарды сақтауға арналған кеңістік файлдық USB-жүйемен шектеледі.

Файлдық жүйе: 2 Тб-қа дейінгі NTFS  
192 Гб-қа дейінгі FAT32  
2 Гб-қа дейінгі FAT16

Таңдайтын параметрлер мәзірінен PVR файлдық жүйесіне кіру тәртібі келесідей:




Дискіні таңдау: жазбалар файлын сақтау үшін дискіні таңдаңыз.




PVR файлдық жүйесін тексеру: USB-құрылғыда PVR файлдық жүйесінің баптауын тексеріңіз.

### Формат:



(құрылғыны «Жоғары жылдамдықты ФЖ» опциясының көмегімен форматтау нұсқасын қарастырған жөн, ол жазба процессін жылдамдатуға мүмкіндік береді).



Форматтау процессі аяқталғана соң келесі мәзір шфғады:

Select Disk	C:
Check PVR File System	Checking
USB Disk	Pass
Format	Pass
Time Shift Size	All
Speed	Checking
< Free Record Limit	6 Hr. >
OK	MENU

Select Disk	C:
Check PVR File System	SUCCESS
USB Disk	Pass
Format	Pass
Time Shift Size	All
Speed	HD Support 2730KB/S
< Free Record Limit	6 Hr. >
OK	MENU

«Жоғары жылдамдықты ФЖ» форматын таңдауда кейінге қалтырып көру үшін дискдені бос орынның көлемін өзгертуге болады:

Time Shift Size	
Time Shift Disk Size	512 MB
SD	14 Mins
HD	4 Mins
OK	

## 2.Бағдарламалар жазу

DTV көзін орындауда қажетті арнаны таңдаңыз да, "●" жазба батырмасын басыңыз, жазбалар опциясы терезесінің жиектемесі пайда болады. "●" жазба батырмасын қайтада басыңыз - жазбалар опциясы терезесінің жиегі жоғалып кетеді де, сол жақ үстінде "REC" жазу процессінің пиктограммасы пайда болады. Пиктограмма "stop" батырмасын басқаннан кейін жоғалып кетеді.

## 3.Жазбаларды көрсету

USB-құрылғыға жазылған бағдарлама "\_MSTPVR" папкасына сақталады.

1. USB-жинақтауғының сыйымдылығы 12 Мб-тан 500 Гб-қа дейін құрауы мүмкін, ірақ тәжірибелік көріністерде 2 Гб-тан 500 Гб-қп дейінгі көлемді пайдалану ұсынылады.

2. Егер видеоларды берудің жылдамдығы өте аз болса, онда

бейнефайлдың мазмұны ірілендірілген пискелдер түрінде көрінетін болады. Бұл теледидиарға USB-құрылғыны қосудың орнына жалғау үшін ұзартқыш USB-кабельді пайдаланумен түсіндірілуі мүмкін.

3. Теледидардың осы үлгісімен барлық USB-құрылғылар үйлеспейді. Төменде пайдалану үшін ұсынылған USB-жинақтағыштар аталған.

Тізімде жоқ үлгілер де сонымен қатар үйлесуі мүмкін, бірақ олардың дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік берілмейді.

USB-құрылғылардың тізімі кейінге қалтырылған қызметке арналған тізім үшін ұқсас болып келеді (толығырақ төменнен қараңыз).

## 9. Кейінге қалдырып көру қызметі

### Бағдарламаны жазуға дайындық

Теледидардың осы үлгісінде орындауды тоқтату/жалғастырып көру және USB-жинақтағышқа сандық форматта бағдарламаларды жазу қызметін ұстайды.

#### Note

- Ол үшін USB 2.0 типіндегі құрылғыны форматтауды орындау қажет етіледі. Құрылғыны форматтау алдында ондағы мәліметтердің резервтік көшірмесін жасап алған жөн. Форматтағаннан кейін бұл мәліметтер жоғалады.

### USB-құрылғының форматтау

USB-құрылғыны форматтау кейінге қалтырып көру қызметін пайдалану мүмкіндігі үшін жеткілікті бос орын босатуға мүмкіндік береді.

#### Note


- Форматтау процессі кемінде 2 минут уақыт алады. Форматтау процессінде USB-құрылғыны алмау керек немесе қорек көзін өшірмеу керек.
- Сонымен қатар форматтау процессінде құрылғының жылдамдығын тексеру орындалады. Тексерудің теріс нәтижесі бұл USB-құрылғы кейінге қалтырып көру қызметін қолданбауы мүмкін екендігін көрсетеді.

### DTV форматында тоқтатылған бағдарламаны USB-жинақтағышқа жазу

1. USB-құрылғыны теледидардың бүйірлік панеліндегі сәйкес портқа DTV сигналы белсенді болғанда салыңыз.

2. Кейінге қалтырып көру қызметін қосу үшін Play/Pause (15) батырмасына басыңыз. ТВ-бағдарламаны көрсету тоқтатылады. Экранға кейінге қалтырып көру қызметінің мәзірі шығады да, сосын жазу процессі басталады.

3. Кейінге қалтырып көру қызметін пайдалануды тоқтату мен бағдарламаны жазу процессін тоқтату үшін STOP (26) батырмасына басыңыз.



#### Note

- Кейінге қалтырып көру қызметін қосқаннан кейін USB-құрылғыны суырмаған жөн.
- 4 гб сыйымдылығы бар құрылғы шамамен 140 минут контентті жазуға есептелген.

---

## Кейінге қалтырып көру қызметінің шектеулері:

1. Кейінге қалтырып көру қызметін пайдалану уақытында PLAY/PAUSE/STOP/FWD/REV/ VOL+/VOL-/MUTE командаларын, сонымен қатар кейбір негізгі операциялардың батырмаларын (OK/EXIT/мәзірдегі навигация батырмалары) пайдалануға болады.

2. егер USB-құрылғының жазу жылдамдығы ең төменгі талаптарға жауап бермесе, онда видеоконтентті орындау процессі тұрақсыз болады немесе тоқтатылады.

3. Кейінге қалтырып көру қызметінің операцияларын орындауда USB-құрылғыны алмау керек және қорек көзін өшірмеу керек. Сигнал жоғалғанда жазу процессі үзіледі.

4. Кейінге қалтырып көру қызметінің операцияларын орындауда сигнал көзін өшірмеу керек.

5. PLAY/PAUSE/FWD/REV командаларын жылдам және қайталап ауыстырмау ұсынылады.

6. Егер видеоны беру жылдамдығы өте аз болса, онда видеофайлдың ішіндегісі үлкейтілген пикселдер түрінде көрінетін болады.

7. Теледидардың осы үлгісімен барлық USB-құрылғылар үйлеспейді. USB-жинақтағыш < 500 мА-ге есептелген болуы тиіс.

Төменде пайдалану үшін ұсынылған USB-жинақтағыштар аталған. Тізімде жоқ үлгілер де сонымен қатар үйлесуі мүмкін, бірақ олардың дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік берілмейді.

- San Disk Extreme® Contour™ USB Flash Drive - 8 Гб SDCZ8 - 8192 - E75
- San Disk Extreme® Contour™ USB Flash Drive - 16 Гб SDCZ8 - 016 G - A75
- Kingston Data Traveler 410 USB 2.0 Flash Drive - 8 Гб DT410/8 Гб
- Kingston Data Traveler 410 USB 2.0 Flash Drive - 16 Гб DT410/16 Гб
- OCZ Technology Rally 2 USB 2.0 Flash Drive - 4 Гб OCZUSB2DC - 4 Гб
- OCZ Technology ATV USB 2.0

Flash Drive - 8 Гб OCZUSBATV - 8 Гб

- OCZ Technology Rally 2 USB 2.0 Flash Drive - 8 Гб OCZUSB2DC - 8 Гб
- SAMSUNG - Hm500 JI -500 G

8. Бұл қызмет барлық сандық теледидарларда қолданылмайды және егер арна шифрленген немесе тек қана дыбыс беретін болса, пайдаланылмайды.

## 10. USB-күйтабақ ойнатқыш

SOURCE батырмасын басыңыз, көздер тізімінде USB-ді таңдаңыз, сосын USB мәзіріне кіру үшін OK батырмасына басыңыз.



USB-құрылғының сәйкес портқа қосылуының дұрыстығын тексеріңіз.

Медиафайлдардың төрт типінен - фото, музыка, кино және мәтінді таңдау қарастырылған. Қажетті типті таңдау үшін ► сілтемелері бар батырманы пайдаланыңыз, сосын дискіні таңдау мәзіріне кіру үшін OK батырмасын басыңыз.




Қажетті дискіні таңдау үшін ► сілтемелері бар батырманы пайдаланыңыз және медиафайлдар мен папкалардың тізімін көрсету үшін OK батырмасын басыңыз немесе медиафайлдардың типін таңдау мәзіріне қайту үшін Кері батырмасын басыңыз.



► немесе ▼ ▲ сілтемелері бар батырмаларды пайдалана отырып, қажетті медиафайлдарды таңдаңыз, алдын ала көру терезесі пайда болады. Таңдалған медиафайлды толықэкранды режимде орындау үшін ► батырмасын басыңыз.

Файлды (фотосуретті, видеофильмді немесе мәтіндік ақпаратты) орындау процессінде OK немесе ИНФО батырмасын басу басқару панелін көрсетуге мүмкіндік береді.



Қызметтің пиктограммасын таңдау үшін ◀ сілтемелері бар батырмаларды пайдаланып, OK батырмасына таңдауды растау үшін басыңыз.

Басқару панелін жасыру үшін ▼ немесе EXIT батырмасына басыңыз (музыка тыңдау режимін қоспағанда).

Note


Пайдаланушы файлдың орындалуы уақытында аудиофайл параметрлерін баптауды немесе Инфо мәзіріне беруді орындай алады. Инфл пиктограммын басыңыз және сәйкес менюді көрсету үшін OK басыңыз.



USB порт арқылы орындау қызметі фотосуреттер файлдарының келесі форматтары үшін қолданылады:  
- JPEG (".jpg" кеңейткіштегі файлдар)  
- BMP (".bmp" кеңейткіштегі файлдар)  
- PNG (".png" кеңейткіштегі файлдар)  
USB порт арқылы орындау қызметі аудиофайлдардың келесі форматтары үшін қолданылады:  
- MP3 (".mp3" кеңейткіштегі файлдар)  
USB порт арқылы орындау қызметі мәтіндік файлдардың келесі форматтары үшін қолданылады:  
- TXT (".txt" кеңейткіштегі файлдар)

USB порт арқылы орындау қызметі видеофайлдардың келесі форматтары үшін қолданылады: - TS (MPEG2 және H.264)

## 05. АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Ақау белгілері		Тексеру	
Кескін	Аудио		
 "Қар"	 Шу	Антеннаның күйі, бағыты немесе қосылысы.	
 Қос кескін	 Қалыпты дыбыс	Антеннаның күйі, бағыты немесе қосылысы.	
 Кедергілер	 Шу	Электрондық жабдықтама, автокөлік/мотоцикл, флуоресценттік түс.	
 Қалыпты кескін	 Дыбыс жоқ	Дыбысты тексеру (дыбысты өшіру немесе аудиожүйені дұрыс қоспау).	
 Кескін жоқ	 Дыбыс жоқ	Қоректену бауы тығылмаған. Өшіргіш қосылмаған. Ажыратымдылық, анықтық пен дыбыс күшін реттеу. Пультте күту режимі түймешігін басыңыз.	
 Қалыпты кескін	 Қалыпты дыбыс	Түс параметрлері.	
 Кескін бөлінген	 Қалыпты немесе әлсіз дыбыс	Арнаны қайта теңшеу.	
 Түс жоқ	 Шу	Теледидар жүйесі.	
 Үстінде және астыда қара жолақты	 Қалыпты дыбыс	Масштабта пішімдік қатыстықты өзгерту.	

### АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Теледидар лэптоп/компьютерге қосылған соң кескінді көрсетпейді.	VGA (компьютер немесе лэптопта көк 15 сыналы ажыратқыш) арқылы қосылғанда кескін теледидарға немесе басқа сыртқы дисплейге берілуі үшін дербес компьютердің және лэптоптың көбі пернетақтада белгілі түймешікті басуды талап етеді. Әдетте бұл F7 (Dell) немесе F4 (HP/Samsung), немесе F5 (Toshiba) пернесі. Лэптоптарда Fn пернесі мен F пернесін бірге басу керек.
Лэптоп/компьютер кескіні бар, бірақ дыбысы жоқ теледидарға қосұлы. Неге?	VGA кабелі тек бейне немесе кескін ақпаратын береді. Лэптоп/компьютердің құлаққап ұяшығын (3.5 мм ажыратқыш) теледидардағы компьютердің аудио кіріс 3.5 мм ұяшығымен қосатын жеке кабельді пайдалану керек. Қашықтан басқару пультінде (Source) көз түймешігі көмегімен PC көз ретінде тапсыру керек. Балама әдіс ретінде егер компьютерде HDMI ұяшығы бар болса, лэптоп/компьютерді HDMI кабелімен қосуға болады. HDMI аудионы да, бейнені де қамтамасыз етеді.
Арналар ауысқанда кескін өлшемдері автоматты түрде теңшелмейді.	Барлық ATV, DTV, SCART, HDMI 1, 2 және т.б. кірістерінде Aspect Ratio (пішімдік қатыстық) теледидарлық кескін опциясы үшін Auto параметрі орнатылғанын тексеріңіз. Aspect Ratio тапсыру үшін Auto, 4:3 немесе 16:9 параметрлерін тапсырыңыз. Source түймешігін басып, ATV бастаңыз. Төмен көрсетілген бірізділікті барлық кіріс ATV, DTV, SCART, HDMI 1, 2 көздері үшін қайталаңыз, өйткені әр кіріс көз жеке басқарылады. TV Menu түймешігін басыңыз. Кескінің ішкі мәзіріне (Picture) кіру үшін оң көрсеткішті басыңыз. Aspect Ratio (пішімдік қатыстық) таңдау үшін төмен қарайтын көрсеткішті басыңыз. Auto таңдаңыз. Exit басыңыз. Барлық кіріс көздері үшін қайталаңыз.
Теледидарға DVD-плеер немесе басқа құрылғы қосұлы және ол жұмыс істемейді.	Бұл теледидарға қосылатын кез келген құрылғыға қатысты төн. 1 Теледидар мен DVD-плеерді өшіріңіз (ашаны розеткадан шығарыңыз). 2. SCART ажыратқышына қосылған барлық жабдықтаманы өшіріңіз. 3. SCART ажыратқышын теледидардан ажыратыңыз. 4. Теледидарды қосыңыз. 5. DVD-плеерді қосыңыз. 6. Көз мәзірінде (Source) HDMI таңдаңыз. 7. DVD-плеерде ойнатуды қосыңыз және фильмнің дұрыс ойнауын тексеріңіз. ЕСКЕРТУ: SCART ажыратқышы HDMI ажыратқышына қарағанда басым, сондықтан теледидардағы SCART қосылған жабдықтама өшіп тұрғаны маңызды (бірақ күту режимінде болмауы керек). Осы ақпаратты ұстаныңыз. Егер кеңес көмектесіп, DVD-плеер жұмыс істесе, теледидар дұрыс, жай ғана кей түрдегі түсініксіздіктер бар. Теледидар қосылып жатқанда HDMI ажыратқышы алынып, қайта салынуы мүмкін. Жабдықтама қосылып тұрғанда HDMI кабельдерін немесе кез келген басқа цифрлық жабдықтаманы ешқашан шығармаңыз және тықпаңыз. Кез келген цифрлық жабдықтаманы қосқанда немесе өшіргенде бүкіл жабдықтаманы ылғи өшіріңіз.

## Цифрлық телевизия ақауларын іздеу және жою, және ықтимал шешімдер

### Мозаика (пиксельдерге таралу)

Қалыпты қабылдамаудың типтік үлгісі – кескін фрагменттерге бөлінеді (пиксияция) немесе кескін қатады. Кей кезде сыртыл немесе сықыр пайда болады, дыбыс жоғалады немесе қабылдау толық құрады. Кескіндер цифрлық бейненің сигналы әлсізденуінен пиксельдерге бөлінуі мүмкін. Цифрлық бейне сигналының әлсізденуі әлсіз сигналдың (теледидар антенналарын қараңыз) қиындықтарынан немесе кабельдік сигнал әлсізденуінен туындауы мүмкін. Егер қиындық әлсіз сигналдан болса, күшейткішті пайдаланыңыз. Кабельдік жабдықтама бойынша маман желілік күшейткішті немесе алдын ала күшейткішті орнатуға көмектеседі. Осы шаралар сигналды күшейтуге және пиксельдерге бөліну қиындығын кетіруге көмектеседі.

Егер теледидарлық сигнал жерсеріктен берілсе, тарелка күшті желден жылжып кетпегенін тексеріңіз – одан басқа, сигналды ағаш жабуы мүмкін. Ағаш қиындық тудыруы мүмкін, өйткені сигнал ағашта жапырақ бар болу-болмауына байланысты өзгеруі мүмкін.

### Арналар жоқ

Кей кезде арна боламауы немесе басқа өңірдің арналары қабылдануы анықталады. Кей кезде интербелсенді қызметтер түрлері жұмыс істемейді (қызыл түймешік). Әдетте бұл әлсіз сигналдан болады, “Теледидарлық антенналарды” қараңыз.

### Теледидарлық антенналар

Цифрлық жер бетіндегі телевизия (Freeview) антеннамен қамтамасыз етіледі. Балама теледидарға жарамды ескі антенна цифрлық теледидарда дәл солай жақсы жұмыс істемейді. Бұл себептен жаңа жабдықтамаға ауысу керек. Егер DTV (Freeview) арқылы кейбір (барлық емес) цифрлық арналар қабылданса – мысалы, BBC1, BBC2, Channel 4 арналары қабылданып, ITV немесе Channel 5 арналары қабылданбаса – анттеннаңыздың типі тар жолақты, оны жолағы кең анттеннаға ауыстыру керек.

### Ақаулы сымдар мен кабельдер

Теледидарыңызды тексеріңіз. Қоректену, анттенна, кабельдік ресивер сымдары, бейне немесе DVD-плеер немесе жазу құрылғысының сымдары дұрыс қосылып тұр ма? SCART сымы уақыт өте келе әлсізденетіні белгілі, бұл аудио мен бейне үшін қиындықтарға әкеліп соқтырады. Арналардың бірі (оң/сол) немесе аудио арнасының екеуі де жоғалуы мүмкін, сонымен бірге түстер бұлыңғыр немесе реңсіз болады. Бұл жағдайда қиындық SCART ажыратқышын ұяшыққа тығыздау салынғанынан шешілуі мүмкін. HDMI ажыратқыштары сонымен қатар ұяшыққа берік кіркіртуді қажет етеді, өйткені түйіспе өткізгіштердің соңғы миллиметрінде орындалады. Әдетте, HDMI қара пластик бөлігі өте жақын болуы немесе тіпті теледидар корпусы немесе оның құрамдасына жанасуы тиіс.

HDMI кабельдері қосылғанда қиындықтар HDMI кабельдері теледидар немесе басқа құрылғы қосылып тұрғанда қосылуынан туындауы мүмкін. Теледидарды да, оған қосылатын құрамдасты да ылғи өшіріңіз. Егер Сіз ажыратқыштар мен ұяшықтарды тексерсеңіз, теледидарды өшіріңіз және оған құрылғыны қосыңыз, одан кейін оларды қайта қосыңыз.

### Теледидарға компьютер қосулы. Дыбыс жоқ.

Егер компьютер немесе лэптоп теледидарға VGA (15 сыналы Sub D ажыратқышы) арқылы қосылып тұрса, дыбыс болмайды. Теледидар мен компьютер немесе лэптоп арасында жеке аудио кабельді пайдалану керек.

### Түстер және дене реңктері жалған

Жалған дене реңктері мен басқа түстер ажыратымдылығы жоғары жаңа теледидар қолданған жағдайда да тағы бір қиындықты білдіруі мүмкін. Бұл бөлме жағдайына келтіретін теледидарлық кескінді теңшеу нәтижесінен туындайды. Кескін мәзірінде кескін режимін табиғи режимге ауыстырып қиындықты жойыңыз. Үлкен дәлдікке түсті, ажыратымдылықты және ашықтықты кескін мәзірінде қолмен теңшеу жолымен жетуге болады.

### Ақ шеңберлер

Адамдар мен нысандардың айналасында ақ шеңберлер әдетте теледидардың анықтығы өте жоғары болғанда немесе теледидарда шеңберлерді бөлектеудің белгілі технологиясы пайдаланылғанда туындайды. Кескін мәзіріне кіріп, анықтықты ақ контур кеткенше өзгертіңіз. Егер шеңберлерді бөлектеу қолданылса, оған сервистік мәзірде тыйым салыңыз.

### Кескін шымырланады

Кей кезде кескін шымырлануы мүмкін. Бұл жағдайда сигнал қуатын тексеруге болады. Сигнал күшті болса, қиындық кабельдік телевизия компаниясында болады. Егер сигнал әлсіз болса, күшейткішті пайдаланыңыз.

### Кескін экранды толтырмайды

Компьютер немесе лэптопты қосқанда кескін экранды толық толтырмауы мүмкін. Компьютеріңіздің дисплей теңшелімдерін тексеріңіз (Windows > Start > Control Panel > Appearance and Personalization > Display settings) және ең жақсы ажыратымдылықты таңдаңыз. Теледидарда TV Menu > Picture > Settings таңдау керек және тиімді кескінге жету үшін AUTO, ZOOM1 немесе ZOOM2 параметрлерін өзгерту керек.

### USB қосылысы

USB қосылысы \*.jpg (фото) және \*.mp3 (музыка) файлдарымен жұмыс істейді. Теледидар теледидардың USB ажыратқышына қосылған Apple фирмасының iPhone немесе iPod танымайды. Теледидар басқа файлдарды ойнатуы мүмкін, бірақ көп файлдық пішімдерінен осы файлдық пішімдер жұмыс істейтініне көпідік берілмейді.

# Haier

Импортер :  
ООО Торговая компания «Хайер Рус»  
Адрес Импортера:  
121099, Москва, Новинский б-р, д. 8, оф. 1601,  
БЦ Лотте Плаза